

Мазмұны

1. Жалпы жүріс-тұрыс ережелері туралы нұсқаулық
2. Үзіліс кезінде жүріс-тұрыс ережелері туралы нұсқаулық
3. Аулада, көшеде, үйде және қоғамдық жерлерде келеңсіз жағдайларды алдын алу бойынша нұсқаулық
4. Оқушыларға арналған лаңкестікке қарсы қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық
5. Мектептегі өрт қауіпсіздік ережелері туралы нұсқаулық
6. Оқушыларға арналған қуат қауіпсіздігі ережелері туралы нұсқаулық
7. Жол қозғалысы ережесі туралы нұсқаулық
8. Темір жолда жүру ережелері туралы нұсқаулық
9. Ұрлық пен арбаудан сақтану ережелері туралы нұсқаулық
10. Жаппай іс-шаралар өткізу кезінде мектептің материалдық-техникалық базасын сақтау, өрт қауіпсіздігі тәртібінің ережелері туралы нұсқаулық
11. Оқушылардың қысқы, күзгі, көктемгі, жазғы демалыс кезінде болу ережелері туралы нұсқаулық
12. Мұз үстіндегі сақтық ережелері туралы нұсқаулық
13. Су тасқыны кезіндегі ережелер туралы нұсқаулық
14. Сенбілікте қауіпсіздік ережесін сақтау туралы нұсқаулық

1. ЖАЛПЫ ЖҮРІС-ТҰРЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ

«М.Жұмабаев атындағы ІТ мектеп-лицейі» КММ-нің оқушылар мен ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған ішкі тәртіп ережелері

Осы ережелер ғимаратта және мектеп аумағында оқушылардың жүріс-тұрыс нормаларын орнатады.

Ережелердің мақсаты: әр оқушының жемісті оқуына мүмкіндік беретін мектепте тиісті жұмыс жағдайларын құру; тұлғаға және оның құқықтарына құрметпен қарауды тәрбиелеу, жүріс-тұрыс мәдениетін және қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Мектептегі тәртіп оқушылар, мұғалімдер мен басқа мектеп қызметкерлеріне адамның адамгершілігін құрметтеу негізінде сақталады.

Айналадағыларға қарасты психикалық және дене зорлығы әдістерін қолдануы жіберілмейді.

Оқушылар мектепте ішкі тәртіп ережесін орындауға, адал ниетпен оқуға, мүлікке ұқыпты қарауға, мектептің басқа оқушылары мен мұғалімдердің абыройы мен адамгершілігін құрметтеуге және ішкі тәртіп ережелерін орындауға міндетті.

Оқушыларға ішкі тәртіп ережелері Қазақстан Республикасының заңдарын сақтаудан, білім басқармасының жоғары тұрған органдарының өкімдерінен, ұжымда өзара құрметтеу нормаларынан негізделеді.

Құрметті оқушылар!

1. Мектеп оқушыларына оқу-тәрбие үдерісі кезінде ұялы телефондармен қолдануға тыйым салынған (сабақтарда, мектептен тыс және сыныптан тыс іс-шараларда, сынып сағаттарда, үйірмелер сабақтарында және спорттық секциялар, дайындықтар мен басқа іс-шараларда). Телефонды жедел қоңырау соғу қажет болған кезде ғана пайдалану керек.

2. Телефон және басқа құнды заттарды жоғалтқаны үшін жауапкершілік иелердің өздеріне, егер олар бейқамдығын, немқұрайлығын, ұмытшақтығын көрсетіп, қараусыз қалдырып, жеке заттардың сақталуын қамтамасыз етпесе өзі жауапты.

3. Мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз оқушылар мен білім алушылармен сабақ кезінде, сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шаралар кезінде қандай да бір бейне түсірілім жасауға, суретке түсуге тыйым салынады.

4. Әлеуметтік желілерде, YOUTUBE, «Фейсбукта» мектептің басқа оқушылар мен мұғалімдермен сурет пен бейнематериалдарды жариялауға тыйым салынады.

1. Мектепке қандай да бір мақсатпен қару, жарылғыштар, өртке қауіпті заттарды, спиртті ішімдіктерді, есірткі заттарын, темекі заттарын, сонымен қатар уландырғыш заттар мен у заттарын әкелуге, беруге және қолдануға тыйым салынады.

2. Оқушы сабақ кезінде ұялы телефонын сөңдіруге міндетті.

3. Мектепте және оның аумағында спиртті сусындарды ішуге қатаң тыйым салынған. Мектепте және оның аумағында шылым шегу Ішкі тәртіп ережелерінің, санитарлы-гигиеналық нормалардың, өртке қарсы қауіпсіздігін қатаң бұзушылығы болып табылады және оқушы мен оның ата-аналарын әкімшілік жазаға тартылады (Өртке қарсы қауіпсіздігінің ережелерін бұзу туралы актілері негізінде материалды және моральды).

- Спиртті ішімдіктерді ішу, нашақорлық заттарды қабылдау және шылым шегу үшін оқушы облыстық нашақорлық орталығына және КІБ-ге есепке қойылуы мүмкін.

4. Әңгімелескен кезде, сабақта, қоңырау уақытында боғауыз сөз пайдалануға тыйым салынады.

5. Оқу сабақтары аяқталғанға дейін мектептен оқушының кетуі мектеп әкімшілігінің және сынып жетекшісінің рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

6. Мектептің оқушысы мұғалімдермен, ата-аналармен, басқа оқушылармен сыпайы болу керек. Оқушылар ересектерге, үлкен буынның оқушылары кішілерге, ұлдар қыздарға жол береді. Мектепте және мектептен тыс оқушылар өз абырой мен намысын аяққа басылмау үшін, мектептің атына кір тигізбеу үшін жақсы жағынан ғана көрсету керек.

7. Оқушылар мектептің мүлкін сақтау керек. Сұраусыз бөтен заттарды алуға болмайды. Мектеп мүлкін бүлдірген жағдайда оқушылар (ата-аналары) жасаған залалды толтыру керек. Бөлмелерде және мектеп мүлкіне рұқсат берілмеген жазуларды жазуға қатаң тыйым салынады.

8. Оқушылар сынып ұжымның және мектептің өзін-өзі басқарудың заңдарын сақтау керек.

9. Оқушылар мектеп формасын сақтауға, аксессуарларды қолданбауға, ұқыпты шаш үлгісін (қыздарда шаштары жиналған жағдайда) сақтауға міндетті. Қыздарға шаш бояуға тыйым салынады.

Оқушылар өз-өзіне қызмет көрсетуде қатысуға, яғни, сынып және мектеп бойынша кезекшілердің міндеттерін орындауға міндетті. Мектепте кезекшілік сабақ басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады және сабақ аяқталғаннан кейін 30 минуттан кейін аяқталады.

Осы Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін оқушыларға тәртіп жазасының түрлі шаралары қолдануы мүмкін:

- Ата-аналарды баласының іс-қимылдары туралы хабарландыру;
- Айналадағыларға зиян іс-қимылдарды тоқтату туралы шешім қабылдау үшін ата-аналарды мектепке шақыру;
- Ескертулерді хабарлау, сонымен қатар ескертулерді оқушының жеке іс қағазына жазу;
- Материалдық зиянды ата-аналардың қаражатынан толтыру;
- Оқушы мен оның ата-аналарын педагогикалық кеңеске, әкімшілік кеңеске шақыру.
- Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу жағдайында оқушылар мен олардың ата-аналары әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін

Білім туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

- Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:
- 39) орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекітеді;

47-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

- 14. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.
- 15-1. Орта білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

Өзге білім беру ұйымдарында білім алушылар білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

49-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері

2. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:
- 3) білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;
- 4) балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге;

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген, міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

7) білім беру ұйымында белгіленген киім формасын сақтауға міндетті.

**Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті
мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26
бұйрығы**

13. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

20. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім кеңеспен (қамқоршылық кеңесі, ата-аналар комитеті, мектептегі өзін-өзі басқару) келісу арқылы қабылданады.

21. Ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді.

САБАҚТАРДА ІС-ҚИМЫЛДАР ЕРЕЖЕЛЕРІ

Оқушы сабақ басталғанға дейін 5-10 минуттан кешіктірмей мектепке келеді. Оқушының киімі таза және мұнтазды болу керек. Оқушылардың сыртқы келбеті туралы ережесін сақтау керек (бірыңғай мектеп формасын сақтау). **Ұлдар:** көк түсті шалбарлар, ақ түсті жейде, бомбер мен жилет (көк түсті, қызыл аралас клеткасы бар), галстук. **Қыздар:** классикалық шалбар, қара, көк түсті; ұзын жең ақ түсті жейде, жилет, пиджак және белдемше, сарафан (көк түсті, қызыл аралас клеткасы бар), Дене шынықтыру сабақтарында оқушылар спорттық киім киеді.

Мектепке кіргенде, оқушылар сыртқы киімін шешіп, ауыстыратын аяқ-киімді киеді.

- Оқушылар химия, физика, информатика, биология, дене шынықтыру, еңбек сабақтарында еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықты сақтау керек.

2. Себеппіз сабаққа кешігуге рұқсат берілмейді. Егер оқушы сабаққа дәлелді себеппен кешіксе, ол есікті тықылдатып, кешірімін сұрап, мұғалімнің өтініші бойынша кешігу себебін айту; үндемей, сабақтың барысына кедергі жасамай, партаға өтіп, жұмысқа кірісу. Ағымдағы өзгерістерден кейін сабаққа кешігуді алдын алу үшін оқушылар сабаққа қоңырауды күтпей, 3-5 минут бұрын кабинетке кіреді.

3. Сыныпқа педагог кірген кезде оқушылар сәлемдесу белгісі ретінде орындарынан тұрады және педагог сәлемдесіп, отыруға рұқсат бергеннен кейін отырады. Сондай-ақ оқушылар сабақ барысында сыныпқа кірген әр ересек адаммен сәлемдеседі.

4. Сабақ уақытында шулауға, орнынан өз еркімен тұруға, өзіне және басқа оқушыларды сабақтан басқа тақырыпта әңгімелесулермен, ойындармен және сабаққа қатысы жоқ басқа істермен көңілдерін аударуға болмайды. Сабақтағы бар уақытты оқушылар оқу мақсатында ғана пайдалану керек.

5. Дауыстап сөйлеу, орнынан сұрақ қою, мұғалімнің түсіндірулерін тоқтату басқа балаларға жаңа материалды меңгеруге бөгет жасауға болмайды.

6. Мұғалімнің рұқсатынсыз сабақ уақытында сыныптан шығуға тыйым салынады. Аса қажеттілік болған жағдайда оқушы қолын көтеріп, мұғалімнен шығуға рұқсат сұрау керек.

7. Егер оқушы сұрақ қоюға немесе мұғалімнің сұрағына жауап бергісі келсе, ол қолын көтеріп, мұғалімнің рұқсатын күтеді.

8. Сабақтың аяқталғаны туралы қоңырау мұғалімге соғылады. Мұғалімнің сабақтың аяқталғаны туралы хабарлағаннан кейін, оқушы сыныптан шығуға құқылы.

9. Оқушы сабақта және сабақтан кейін қауіпсіздік техникасының ережелерін біліп, сақтауы қажет.

10. Оқушылар күнделікті ұқыпты толтырып, әр мұғалімнің бірінші сұрауы бойынша ұсыну керек.

11. Дәптерде, күнделікте жазылғанды өшіруге, штрихпен жабуға; парақтарын жұлуға рұқсат берілмейді.

12. Оқушы сабаққа орындалған үй тапсырмасымен келеді. Тапсырма орындалмаған жағдайда мұғалімге сабақ басталғанға дейін айтады, бұл қанағатсыз бағаны алмауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар орындалмаған тапсырманы тапсыру уақытын мұғалімнің уақытымен келісу керек. Сонымен бірге пәндер бойынша үй тапсырмасын орындамауды теріс пайдалануға болмайды!

Жазбаша жұмыстарды орындаған кезде (бақылау, өзіндік, тексеріс және т.б.) оқушы мұғалімнің талаптарын орындайды: керек дәптерде жазады, нұсқауларына сәйкес тапсырманы рәсімдейді, жұмысты уақытында тапсырады. Сабақтарда біреуден көшіріп алу және көмектесуге қатаң тыйым салынады!

Тәжірибелік, зертхана жұмыстарын, көрсету эксперименттерін, сонымен қатар дене шынықтыру, информатика, биология, химия, технология, сондай-ақ үзілістер кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау керек.

13. Үй тапсырмасын күнделікке немесе жұмыс дәптеріне жазу керек. Үй тапсырмасын анықтамай, сабақтан кетуге болмайды! Сабақ барысында, оған дейін және кейін оқушы тәрбиесін, әдептілігін, сүйіспеншілігін, мұғалімге және сыныптағы достарына өз құрметін көрсетеді.

ҮЗІЛІС КЕЗІНДЕ ЖҮРІС-ТҰРЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ

Үзіліс кезінде оқушы міндетті:

- мектептің мүлкін сақтау. Әр оқу кабинетті, өз жұмыс орнын, рекреацияларды, коридор, жалпы пайдаланатын жерлерде оқушы тазалықта ұстау керек;
- кезекші мұғалім мен мектеп қызметкерлеріне, сынып бойынша кезекшінің талаптарына бағыну;
- сынып бойынша кезекшілер мұғалімге келесі сабаққа кабинетті дайындауға көмектесу керек.

Үзіліс кезінде оқушыларға қажет:

- сатыларда мұқият болу: жүгірмеу, секірмеу, сүйеніштерде сырғанамау, олардың үстімен секірмеу

Үзіліс кезінде оқушыларға тыйым салынады:

- жерде және терезе алдындағы тақтайда отыруға;
- бір-бірін итеруге,
- заттарды лақтыруға,
- жарақат алуға қауіпті жағдайларды жасауға.
- оқушыларға психикалық және дене жәбір көрсету жағдайларын болдырмау, барлық дауларды жанжалсыз шешу;
- қарым-қатынастарды анықтау үшін қорқыту және бопсалауды қолдану
- әдепсіз сөздерді, белгілерді қолдануға, шулауға, басқаларға демалуға бөгет жасау.
- Қандай да бір оқиғалар немесе жарақаттар жағдайында тез арада жақын мұғалімге, сынып жетекшіге, директордың орынбасарына, мектеп директорына хабарлау.

Асханада болғанда оқушылар келесі ережелерді сақтайды:

- Педагогтар, асхана қызметкерлері, сынып кезекшісінің талаптарына бағынады;
- Таңертенгі ас және түскі ас алған кезде кезекті сақтайды;
- Тамақ ішкеннен кейін өз үстелін жинайды; тамақтың қалдығын жерге түсірмейді
- Асханаға сыртқы киіммен кірмейді.
- Оқушыларды тамақтандыру кестесі бойынша ауқаттанады

Мектеп оқушыларының сабаққа қатыспаулары.

Сабақ білім алудың және дағдыларды дамудың негізгі формасы болып табылады және білім беру үдерісінде жетекші орын алады. Оқудағы табыстар сабақтарға барумен және сабақтарда іс-қимылдарымен ажырамас байланысты. Сабақтарға қатыспау дәлелді себептерсіз жіберілмейді.

Сабақтарға бармау екі санат бойынша қарастырылады:

1 санат – дәлелді себеппен сабақта болмауы;

2 санат - дәлелді себепсіз.

Сабақтарда 1 санаты бойынша жоқтығы мүмкін:

- директордың бұйрығымен әкімшіліктің келісімімен мектеппен ұйымдастырылған іс-шараларға байланысты;
- мектеп әкімшілігінің келісімімен мектеп директорының бұйрығы, ҚББ бұйрығы, мектептен тыс мекемесінің қолдау хаты бойынша жоспардан тыс мектеп және мектептен тыс іс-шаралар (спорттық жарыстар, қалалық немесе мектеп олимпиадалары, концерттер, байқаулар);
- сырқаттану, дәрігерге бару, отбасылық жағдайлар бойынша. Ата-аналар 2-3 күн және тоқсанына екі реттен астам емес отбасылық жағдайлар бойынша сабақтарға барудан оқушыны босатуға құқығы бар.

Салдары:

- дәлелді себеппен сабақта жоқ болған жағдайда әкімшіліктің рұқсатымен сабақ уақытында өткізілетін мектептен тыс іс-шараларға қатысатын оқушылардың тізімі осы сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдердің мәліметіне 2 күннен бұрын кешіктірмей жеткізіледі;
- дәлелді себептермен сабаққа қатыспаған оқушылар бір апатаның ішінде жоқ болған уақыты үшін пән бойынша сыныппен орындаған үй тапсырмаларын жасау міндетті және мұғалімге бағалау үшін ұсыну керек. 1 апта аяқталғасын жұмыстарды тапсырмаған жағдайда мұғалім сынып жетекшісіне хабарласып, ата-аналарын хабардар етеді;
- оқушының жоспарланған қатыспауы жағдайында (ата-аналармен демалысқа кету немесе емделу), ата-аналар сынып жетекшіні бір аптадан кешіктірмей хабардар ету керек. Оқушы оның жоқтығында (жеке тапсырмалар) орындалатын жұмыстардың барлығын жасаумен барлық мұғалімдерден және мектеп директорынан рұқсат алу керек;
- 3 күнге дейін сырқаттану бойынша сабақтарға қатыспау ата-аналардан түсіндірулермен немесе анықтамаларымен, 3 күннен астам тек анықтамалармен;
- Дәлелді себептерсіз сабақтарға жүйелі қатыспау Ішкі тәртіп ережелерін қатаң бұзу ретінде бағаланады, оның нәтижесі КІБ-ге есепке қою және тоқсан үшін «Аттестатталмаған» бағасы болып табылады.

Сабаққа кешігу

Кешігу екі санат бойынша анықталады:

1 санат – дәлелді себеппен кешігу;

2 санат – дәлелді себепсіз кешігу.

• Дәлелді себепсіз сабаққа кешіккен оқушы мұғалімге, сынып жетекшіге, әлеуметтік ұстазға жазбаша түсініктеме беру керек.

• оқушының сабаққа кешіккен күні ақтау құжатын ұсынып, ата-аналары ақтай алады.

• Асханада кідіргені үшін сабаққа кешігуі дәлелді себепсіз кешігу ретінде қабылданады.

2 санат бойынша жүйелі кешігу тәртіптің қатаң бұзушылығы болып табылады және осы оқушы мектеп ішіндегі есепке қойылуы мүмкін.

Сабақ уақытында сабақтан кету. Оқудан қашу

1. Сабақтан өз еркімен кету сабақтан қашу және тәртіпті қатаң бұзу болып табылады.

Мектеп бойынша кезекшілік және өздігінен қызмет көрсету бойынша еңбекке қатысудан бас тарту

1. Оқушы өзін жаман сезінген немесе борға, суға, жуатын құралдарға аллергиялық реакциялар (дәлелдейтін құжаттар негізінде) туындаған жағдайда, өздігінен қызмет көрсету бойынша еңбекпен байланысты міндеттерді орындаудан бас тартуға құқылы.

• Кесте бойынша тағайындалған уақытта кезекшілік етуге мүмкін болмаған жағдайда оқушы сынып жетекшісімен басқа кезекшілік уақытын келісу керек.

• Дәлелді себепсіз кезекшіліктен бас тарту оқушылармен Ішкі тәртіп ережелерін бұзу ретінде қабылданады.

Мектеп мүлкін бүлдіру

1. Абайсыздан немесе әдейі терезе, орындық, үстел сындырған, басқа әрекеттерді жасаған оқушы затты жөндеу немесе залалды материалды түрде толтыру керек: зақым келтіргені туралы акт негізінде өтініш беріледі.

• Бұзылған және жоғалтылған оқулықтар үшін оқушылардың ата-аналарына материалдық жауапкершілік тартылады.

Сабақтарда тәртіпті бұзу

1. Сабақтарда тәртіпті әдейі бұзу Ішкі тәртіп ережелерін қатаң бұзу болып табылады және расталған құжаттары жоқ.

№	Оқушының аты-жөні	Нұсқаулықпен танысқандары туралы қолы	Нұсқаулықты өткізу күні
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			
13			
14			
15			
16			
17			
18			

19			
20			
21			
22			
23			
24			
25			
26			
27			

Аулада, көшеде, үйде және қоғамдық жерлерде келеңсіз жағдайларды алдын алу бойынша НҰСҚАУЛЫҚ

1. Егер бөтен (бейтаныс) күдікті адамдар немесе бір топ адамдар лифттың ішінде, подъезд немесе баспалдақ алаңында тұратын болса, ешқашан ол жаққа кірмеңіз.

2. Лифттың ішіне кірерде алаңда кабинаға кіріп кететін бөгде күдікті адамдардың жоқ екеніне көзіңіз жеткесін ғана кіріңіз.

3. Егер сіз бейтаныс адаммен лифттың ішіне кіріп кетіп, жамандықты сезсеңіз, бірден бірнеше нүктеге басуға тырысыңыз: «Диспетчерды шақыру» және жақын қабаттардың нүктесі.

Егер сізге лифттың ішінде шабуыл жасалса қатты дауыс көтеріп айғайлаңыз, лифт кабинасын аяқпен соғыңыз. «Диспетчерды шақыру» нүктесі мен қандай да бір қабаттың нүктесін басуға тырысыңыз. Шабуылшының қабаттар арасында лифтты тоқтату кезінде жақын қабаттың түймесін басып, пультқа жақындауға бөгет жасауға тырысыңыз.

4. Аулада болғанда құмар ойын ойнайтын, алкогольды немесе есірткі мас күйіндегі және т.б. жасөспірімдер компаниясынан алысырақ уақыт өткізу керек.

5. Бейтаныс адамдармен көлікке (машина, мотоцикл және т.б.) ешқашан отырмаңыздар.

6. Өзіңізбен бірге құнды заттарды, ақша алмаңыз (қатты қажет болмаса).

7. Үй астымен, шатырда, үй үстімен жүрмеңіздер.

8. Көшеде жүргенде өз үйіне жақын, таныс компаниямен жүруге тырысыңыз. Соңғы шарт міндетті, егер де сіз үйден алыс жерде жүрсеңіз, бөтен аудан болса тіпті, билеуге (дискотека), дүкенге, концертке және т.б. барсаңыз.

9. Көмекке шақыру – қорқақтықтың белгісі емес, қажетті өзін-өзі қорғау құралы, ал кейде құтқаруы.

10. Егер сіз тұзаққа кіріп кетсеңіздер, шабуылшылар көбірек болса, олар мықтырақ болар, көмекке келетін жақын маңда ешкім болмаса, олар талап ететін ақша мен заттарыңызды беріңіз. Есіңізде болсын, сіздің өміріңіз және денсаулығыңыз бәрінен маңызды.

11. Егер Сізді аңдй бастаса, адамдар бар, жарық көп (түнде) жерге барыңыз (жүгіріңіз).

12. Ешқашан құмар ойындарға ойнамаңыздар, әсіресе үлкен балалармен немесе ересектермен, немесе бөтен адамдармен.

13. Жеке қауіпсіздік мақсатында (ұрлауды алдын алу) қажет:

- жалғыз қалмауға тырысыңыз, әсіресе көшеде, мектепке барарда және қайтарда, демалыс.
- ешқашан да бөтен және күдікті кісілермен сөйлеспеу.
- бөтен көлікке отырмау, бөтен адамдармен жүрмеу;
- әрдайым туысқандарды қайда және қашан баратыныңызды, кімде және қайда болатыныңызды және кіммен қайтатыныңызды (мүмкіндік болса, телефон нөмірін, сізді таба алатын басқа координаттарды хабарлаңыз).

АДАМДАРДЫҢ КӨП ЖИНАЛАТЫН ЖЕРДЕ ЖҮРІС-ТҰРЫС ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Егер сіз митинг, шеру, көрсетілімге қатысатын ынтаңыз болса, осы іс-шараны өткізуге ресми биліктің рұқсатының барын білу керек. Сондай рұқсат болмаған кезде, құқық қорғау органдарының тарапынан адамдарды қуып жіберуге бағытталған әрекеттерге әкеледі: тәртіпсіздік, зорлық әрекеттер,

тұтқындау, төбелесу. Осындай жағдайларда көзден жас ағызатын газды, суатқыштарды, жылқы жасағын, иттерді, арнайы техниканы, резенке таяқтарын, қалқан, қару жиі қолданылады. Көзден жас ағызатын газ көзге түскен кезде оны тез арада сумен жуу қажет. Су болмаған жағдайда көзін жыпылықтата беріп, химиялық заттың бөлшектеп жууын қамтамасыз етеді. Дем алу жолдарын дымқыл матамен жабу керек: қол орамалмен, жеңмен, бас киіммен. Көзден жас ағызатын газ қолданылатын жерден тез арада кету керек. Агрессияны көрсетпеңіздер, жүгірмеңіз, полицияға қоқан-лоқы көрсетпеңіз, ұрыс-керіс бастамаңыздар. Қауіпті аумақтан тезірек шығуға тырысыңыз. Сөзді тұтқындаған жағдайда құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне өз әділдігіңізді немесе күнәсіздігіңізді дәлелдеуге тырыспаңыз және қарсыласпаңыз.

Көп адам санымен іс-шараларда қатысу туралы шешім қабылдау жағдайында келесі ережелерді қолдануға тырысыңыз:

- өзіңізбен бірге жануарларды, үлкен заттарды: сөмке, рюкзак, арба алмауға тырысыңыз;
- үйде фото-кино-бейнетехниканы, шыны бөтелкелерін қалдырыңыз;
- капюшонсыз қатал жеңіл киім киіңіз, барлық молния мен түймелерді жабыңыз. Галстук, шарф, белдемше кимеңіз;
- аяқ-киіміңіздің бауын дұрыстап тартып байлаңыз, биік өкшелі аяқ-киім кимеңіз;
- өзіңізбен өткір, кесетін, қадалатын заттарды, қаруды бірге алмаңыз;
- қолыңызға таяқтағы немесе шесттағы плакат, транспорант, жалау алмауға тырысыңыз;
- киімнен айырубелгілері мен рәміздерін алыңыз, өйткені қарсыластарда немесе полиция қызметкерлерінде кері әсер шақыруы мүмкін;
- өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болсын;
- іс шара өтетін жерді байқаңыз, келу және кету нұсқаларын біліп алыңыз;
- ұдайы жағдайды, өз жеріңіз бен халықтың жағдайын бақылап тұрыңыз, сахна, микрофондар мен мінбеден алыстау тұрыңыз;
- ТЖ болған жағдайда тез арада сол жерден кетіңіз;
- Ашық алаңдар шартында жұрттың шеткі аймағы қауіпсіз орын.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН! Егер сіз халық тобырына кіріп кетсеңіз, келесі негізгі ережелерді орындау қажет.

- Ешқашан жұртқа қарсы жүрмеңіз.
- Тобырдың ортасы мен шеттерінде жүрмеуге тырысыңыз.
- Жолда жылжымайтын заттардан абай болыңыз: бағана, ағаш, қабырға, үйдің бұрыштарынан, тізілген көліктерден, қоқыс жәшігінен.
- Қолмен заттарды ұстамаңыз.
- Киімнің түймелерін салыңыз, сөмкелердің қол шатырды тастаңыз, биік өкшедегі туфлиді шешіңіз.
- Тығыз тобырда қысылу және тұңшығу мүмкіндігі өседі, сондықтан қолыңызды құбырға жауып, кеудеңізге салыңыз, диафрагманы қорғап немесе қолды бүгіп, корпусқа қысыңыз.
- Соқтығысты шыдап төзіңіз, оларға жауап бермеңіз.
- Бос демалуды қамтамасыз ету үшін бет алдында кеңістік болу керек.
- Шыны сөрелерін, қорғау торларын, жағалаудың көпірді, көлік құралдарын, жіңішке өтулер жаққа бармауды тырысыңыз.
- Ұдайы байсалды болуға, өз орныңызды бақылауға, тобырдан қауіпсіз жерге шығуға тырысыңыз.
- Өтетін поьезддер мен аулалар, қиылыстар, қосылатын көшелер арқылы кету нұсқалары болсын.
- Полициядан алыс жерде тұрыңыз, олармен қақтығысқа және дауға түспеңіз.
- Ұзын және толық, арбалары бар, қолында үлкен заттары, сөмкелері, жануарлары бар кісілерден, мас, мүгедек, ызалыкісілерден алыс жерде тұруға тырысыңыз.
- Жерге түскен затты көтеруге тырыспаңыз, тіпті ол қымбат болса да, өміріңіз қымбаттырақ.

№	Оқушының Т.А.	Нұсқаулықпен танысқандары туралы қолы	Нұсқаулықты өткізу күні
1			

2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
9			
10			
11			
12			
13			
14			
15			
16			
17			
18			
19			
20			
21			
22			
23			
24			
25			
26			
27			

2. Оқушыларға арналған лаңкестікке қарсы қауіпсіздігі жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1. Күдікті адамдарға, заттарға, қандай болса да күдікті ұсақ-түйектерге назар аударыңыз. Бұл туралы құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне хабарласыңыз.
2. Ерекше мезгілсіз киінген адамдардан абай болыңыз (егер кісі жазда плащ немесе қалың куртка киген болса, мұқият болыңыз, лаңкесшілер осындай киімнің астында жарылғыштарды тығады, одан алыс болғаныңыз жөн және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне назар аударыңыз).
3. Үлкен сөмкелері мен шабадандары бар адамдардан сақ болыңыз, әсіресе, олар қаруды салуға лайықты жерде тұратын болса.
4. Мұқият болыңыз, күдікті адамдардың бет белгілерін, киімдерін, аттарын, лақабаттарын, ықтимал жарақаттарын, татуировкаларын, сөйлеу ерекшеліктері мен жүріс-тұрыс әдеттерін және т.б. есте сақтауға тырысыңыз, оларды тоқтатуға тырыспаңыз, олардың бірінші құрбаны болуыңыз мүмкін.
5. Лайықсыз мінез көрсететін, ашушан, шошыған, киімінде немесе жүгін қайта-қайта тексеріп, жан-жаққа қарап тұрған адамдардан алысырақ жерде тұруға тырысыңыз.

6. Егер сіз күдікті адамнан алыстамай алсаңыз, оның бет қимылына қараңыз (мамандардың айтуы бойынша терактқа дайындалатын қылмыскер өте жинақы, еріндері тығыз қысылған, немесе баяу қимылдайды, дұға оқып жатқандай болып көрінеді).
7. Ешқашан бейтаныс адамнан пакет және сөмке алмаңыз, өз сөмкелеріңізді қараусыз қалдырмаңыз.
8. Эвакуация жоспарымен танысыңыз, ғимараттан қосымша шығу қайда орналасқанын біліңіз.
9. Егер жарылыс, өрт болған жағдайда, қатты шу және айғай естісеңіз тез арада эвакуацияға кірісіңіз. Бұл туралы көршілеріңізге ескертіңіз, өзіңізбен құжаттарыңыз бен ақша алыңыз. Ғимараттан ұйымшыл кетіңіз.
10. Кеткен ғимараттан жауапты тұлғалардың рұқсатынан кейін ғана қайтыңыз.
11. Эвакуацияның басталуы туралы басшылықтан немесе құқық қорғау органдарынан хабарлау алғасын, тыныштық сақтап, бұйрықтарын орындаңыз.
12. Не болса да, дүрбелеңге салынбауға тырысыңыз.

ЖАРЫЛҒЫШ ЗАТ БОЛА АЛАТЫН КҮДІКТІ ЗАТТЫ ТАПҚАН ЖАҒДАЙДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

Егер табылған зат сіздің ойыңызша сол жерде тұрмауы тиіс болса, осы фактті назарсыз қалдырмаңыз. Көшеде жерде жатқан заттарды теппеңіз. Егер сіз ұмытылған немесе қожайынсыз қалған затты тапсаңыз, жақын жерде тұрған кісілерден сұраңыз. Қалай керемет көрінсе де, бөтен заттарды көтермеңіз. Кімдікі және кім оны қалдыра алатынын тырысыңыз. Егер қожайынды таппасаңыз, зат туралы бастығыңызға, жедел кезекшіге, құқық қорғау органдарына тез арада хабарласыңыз. Күдікті пакеттің, қораптың, басқа заттың ішіне қарауға тырыспаңыз, тиіспеңіз, жылжытпаңыз, табылған затты ашпаңыз – бұл жарылысқа, көптеген құрбандар мен бұзуға әкелуі мүмкін. Затты тапқан уақытты белгілеңіз. Адамдар табылған заттан алысырақ кеткендері үшін барын жасаңыз. Өзіңіз де қауіпсіз қашықтыққа кетіңіз. Міндетті түрде жедел-тергеу тобының келуін күтіңіз (есіңізде болсын, сіз өте маңызды куәгерсіз). Есіңізде болсын: заттың сыртқы түрі оның нақты тағайындауын жасыруы мүмкін. Жарылғыш заттар үшін камуфляж ретінде ең қарапайым тұрмыстық заттар қолданылады: сөмкелер, пакеттер, қораптар, ойыншықтар және т.б..

ЛАҢКЕСТІК АКТІСІН ЖАСАУ ҚАУІПІ КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТТЕР

Әрдайым айналадағы жағдайды бақылаңыз, ерекші адамдардың көп жиналу жерлерінде. Дайындалатын теракт туралы кездейсоқ біліп, тез арада құқық қорғау органдарына хабарласыңыз. Қауіпсіздік және құқық қорғау органдарының күштерін белсендету басталса, қызығушылық танытпаңыз, басқа жаққа кетіңіз, бірақ жүгірмеңіз, сізді қарсылас деп ойлап қалмайлары үшін. Жарылыс және атыс басталғанда жерге құлаңыз, жамылғы болса (бордюр, сауда палаткасы, машина және т.б.) тіпті жақсы. Қауіпсіздік үшін басыңызды қолыңызбен жабыңыз. Дүрбелең басталар кезде тобырда болған кезде: егер тобырдың ішінде болсаңыз, сізді қозғалтуға мүмкіндік беріңіз, бірақ одан

шығуға тырыспаңыз, көкірек қуысы қыспау үшін терең дем алып білекте бүгілген қолдарыңызды жан-жаққа жайыңыз; ұзын және үлкен адамдардан, үлкен заттары мен үлкен сөмкелері бар адамдардан алсырақ болуға тырысыңыз; қалай болса да аяқта тұруға тырысыңыз; қолыңызды қалтаға салмаңыз; қозғалғанда аяқтарыңызды биіктеу көтеріңіз, аяғыңызды толық табанға қойыңыз, аяғыңызбен жыбырлатпаңыз, аяқтың ұшымен көтерілмеңіз; егер кептелу қауіпті болып жатса, тез арада, ойланбай, қандай болса да жүктен айырылыңыз, бірінші өшірет ұзын белдікті сөмкеден, шарфтан; бірдене түсіріп алсаңыз не болса да көтермеңіз; құласаңыз, тезірек аяғыңызға тұруға тырысыңыз. Қолыңызға таянбаңыз (оларды басып тастайды немесе сындырады). Тым ұрғанда бір сәтке болса да табанға немесе ұшына тұруға тырысыңыз. Таянышты тауып, аяқпен тез жерден итерілуге тырысыңыз; егер тұруға мүмкін емес болса, дөңгелекке бүрісіп қалыңыз, бастың білегін қорғаңыз, ал алақанмен маңдайды жабыңыз; адаммен толған ғимараттың ішіне кіріп, алдын ала анықтаныз, аса қауіпті экстремалды жағдай туындаған кезде орындарды табыңыз (шыны есіктер мен шымылдық және т.б.), қосалқы және апатты шығуларға назар аударыңыз, ойыңызбен соған жетіңіз; залдың бұрыштарында немесе қабырғалардың жанында жабылып қалу оңайрақ, бірақ шығуға дейін жетуге қиынырақ болар.

Егер сізді кепілге тұтқындаса

НЕГІЗГІ ЖҮРІС-ТҰРЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Өзіңізді қолға алыңыз, тиышталыңыз, дүрбелеңге салынбаңыз.
- Сабырлы дауыспен сөйлесіңіз, лаңкесшілердің көзіне қарамаңыз.
- БҚТимал қатаң сынауға моральды және денеңізбен дайындалыңыз.
- Ұрлаушыларға өшпенділік пен жақтырмауыңызды айтпаңыз.
- Басынан бастап лаңкесшілердің барлық тапсырмаларын орындаңыз (ерекше бірінші сағаттарда).
- Өз іс-қимылдарыңызбен лаңкесшілердің назарын аудармаңызқатты қарсылық жасамаңыз. Бұл Сіздің жағдайыңызды ұшықтырады.
- Қаша алатыныңызға толық сенімді болмасаңыз, қашуға тырыспаңыз.
- Өзіңіздің жаман хал-жағдайыңыз туралы айтыңыз.
- Лаңкесшілер туралы көбірек ақпаратты есте сақтаңыз (санын, қаруын, түрлерін, ерекшеліктерін, дене пішінін, акцент, сөйлеу тақырыбын, темпераментін, жүріс-тұрыс мәнерін).
- Өзіңіздің орналасқан (жасырынған) жерін анықтауға тырысыңыз.
- Ой және дене белсенділігін сақтаңыз. Құқық қорғау органдары Сізді шақыру үшін бәрін жасайтынын есіңізде болсын.
- Тамақтан бас тартпаңыз. Бұл күш пен денсаулықты сақтауға көмектеседі.
- Терезе, есік пен лаңкесшілерден алысырақ тұрыңыз. Бұл бөлме немесе көлік құралымен шабуыл, қылмыскерлерді атуға снайперларды ату жағдайында Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін қажет.
- Егер сіз жарақаттанған болсаңыз – қимылдамаңыз: бұл қан жоғалтуын азайтады.
- Шабуыл кезінде қолыңызды желкеге қойып, бетіңізбен еденге қарап жатыңыз. Қандай жағдай болса да арнайы қызмет қызметкерлеріне қарама-қарсы жүгірмеңіз!

№	Оқушының Т.А.	Нұсқаулықпен танысқандары туралы қолы	Нұсқаулықты өткізу күні
1			
2			
3			
4			
5			

6		
7		
8		
9		
10		
11		
12		
13		
14		
15		
16		
17		
18		
19		
20		
21		
22		
23		
24		
25		
26		
27		

3. Мектептегі өрт қауіпсіздік ережелері

Мектепте өрт болған жағдайда қауіпсіздіктің алғы шарттары орындалуы тиіс.

Өрт болып жатқан бөлменің есігін жабу қажет. Өрт болып жатқаны туралы дабыл қағыңыз. Барлығы белгіленген жерге жиналып, адамдарды түгелденіп отырыңыздар. Дабылдан кейін өрт сөндірушілерді шақыру қажет.

Өрт сөндірушілер келгенде мынаны білу керек: Қай жерде, қай бөлмеде өрт болып жатқандығын бәрі құтқарылғандығын білу керек.

Мектептегі өрттен құтқару тәртібі:

1. Дабыл қағу
2. 101 телефонына қоңырау шалып, өрт сөндірушілерді шақыру
3. Құтқару
4. Жинақталу
5. Түгендеу

Дабыл: Кез-келген адам (мұғалім, оқушы, күзетші) өртті көргенде жедел дабыл қағу керек.

Құтқару: Дабылды естісімен, оқушылар сынып жетекшілердің бағыттауымен бір – бірлеп сыныптан шығып, белгіленген жерге жинаулары қажет. Құтқару кезіндегі қажетсіз есіктерді жабу керек.

Жиналыс: Жиналу жерді алдын ала белгілеу қажет. Жиылыс орнына келгендер сынып немесе адамдар тобы анық бір жерді белгілеп, шашырамай сол жерде болулары қажет. Сосын әр сынып жетекші түгендеу жүргізеді.

Өрт кезіндегі тәртіп

ЕРЕЖЕСІ: Өрт болып жатқан бөлменің есігін жауып кетіңіз. Өрттен қашқанда басқа адамға да айтыңыз. Әсіресе өрт жайлы мұғалімге айтыңыз. Эвакуация жасаңыз.

Егер өрт қауіпті болмаса өзіңіз өрт сөндіру құралдарын қолданыңыз.

Өрт қауіпсіздігі ережесі

Егер өрт қатты жанып тұрса, онда сіздің негізгі мақсатыңыз тез мектептен кету. 101-ге хабарласып өрт сөндірушілерді шақырту. Егер өрт қатты жанып тұрмаса да, бірақ мектептің іші қатты түтін болса, мектептен тез кету керек. Түтін өрттен де қауіпті болады.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Түтіннің исін сезгеннен кейін мектептен тез кетіңіз. Кез келген шүберекті сулап ауызыңыз бен мұрынды жабыңыз сосын енкейіп (өйткені түтін жоғарыға ұмтылады) бөлмеден кетіңіз.
2. Егер өрт кішкентай бөлмеде болса, онда есіктер мен терезелерді ашпаңыз, ауа өртті күшейтіп жібереді.
3. Жанып жатқан мектептен лифтпен түспеңіз, өйткені ол қатты өрт болып жатқан қабатта тоқтап ашылу мүмкін және содан бәрі жарақат алады. Ток кез келген уақытта сөніп қалу мүмкін және лифт қабаттардың арасында қалу мүмкін.
4. Егер дәліз және алаң өртте және түтінде (төмен түсуге жол жабық) болса, онда шатырға көтеріліңіз.
5. Егер өрт дәлізде болса, есікті қатты жауып, сұйық шүберектермен ашық жерлерді жауып, есікке көрпе не пальто іліңіз. Терезені ашып қатты дауыс беріп көмекке шақырыңыз.
6. Егер сізге біреуді өрттен құтқару керек болса, онда өзінді арқанмен орап бір шетін далада тұрған адамға беріңіз. Егер сіз есіңізді жоғалсаңыз, онда сізді арқаннан тартып өрттен алып шыға алады. Ауызымен мұрынды ылғал шүберекпен жабыңыз.
7. Егер құтқарған адам түтінмен демалып есін жоғалтса, онда оған жасанды дем беріңіз.

Түтінмен уланудың алғашқы белгілері: бастың айналуы, бас ауыруы, жиі дем алу, жүрек айналуы, сананы жоғалту.

Өрт болған кезде қалай іс-қимыл жасау керектігін барлық адамдар білулері керек. Өрт шыққан кезде және сол кезде өзіңізді-өзің ұстап, тез арада жағдайды байқау және дұрыс шешім қабылдау керек. Осы жағдайда өзінді және сені қоршаған ортадағы үрейді болдырмау керек. Өрт болған кезде өртсөндіргіштерді қолдану, отты су арқылы сөндіру, құммен, кішігірім ошақарды қалың жапқыштармен бұқтырып тастау керек.

Өртпен күресу кезінде және зардап шеккендерге көмек көрсету кезінде есте сақтаныз, сізге ауаның жоғары температурасы, түтін, улы газдың таралуы, ғимараттың құлауы аса қауіпті болып табылады.

Есте сақтаныз: егер де заттар 10 метр қашықтықта көрінбесе, түтін жиналуы өмірге өте қауіпті.

Өртті сөндіру кезінде ең бастысы өрттің таралуын тоқтату, ал содан соң қатты жанып жатқан от ошақтарын сөндіру керек. Сол кезде суды от жалына емес, жанып жатқан бетіне шашу керек. Егер тігінен жатқан жағы жанып жатса, онда үстінен астына қарай су шашу керек. Түтін басқан бөлмедегі өртті суды шашыратып сөндіру қажет, өйткені ол түтінді басып температураны басады.

Егер де үйде (пәтерде) кішкентай болсын от ошағы шықса, су құйып немесе суланған ауыр матамен жабыңыз.

Жанып жатқан киім жабылған матамен сөндіріледі және де от көзін жою үшін жерге жатағалып домалау керек.

Жанғыш сұйықтықтарды көбік аралас құраммен сөндіру керек, құм немесе жер төгіп сөндіруге және ауыр матамен бұқтырып сөндіруге, бірақ ешқашан жанғыш сұйықты сумен сөндіруге болмайды.

Егер де электр сымдары жана бастаса, тез арада оны тоқ көзінен айыру керек. Электр сымын улықышқылы бар өрт сөндіргіштермен сөндіру керек, УӨ-5 немесе УӨ-10 (улықышқылы бар өрт сөндіргіші).

Егер де теледидар жанса, оны тез арада жүйеден алып тастау керек, содан кейін артқы қабырғаларынан су құйып сөндіру керек. Егер де теледидар жанында перде немесе басқа да тез тұтанатын заттар тұрса теледидар үстіне шүберек жабу керек, содан кейін ғана су әкелуге немесе үй ішіндегі өрт сөндіргішті алып келу керек.

Егер кинескопы жарылса, оның улы түтіні өте қауіпті, сол себепті тез арада отты бағындыру керек және басқаларға хабар беру керек, балаларды тез арада сыртқа шығарған абзал.

Егер өрт пәтерде орын алса:

- 101 телефонына қонырау соғып, дұрыс мекенжайды және не жанып жатқаны туралы толық ақпарат беру;
- қарттар мен балаларды сыртқа шығару;
- содан кейін ғана өртті өз күшіңізбен сөндіру қажет.

Өрттердің көбі тәжірибе көрсеткендей «адами фактор» себебі бойынша болады. Тұрмыстағы өрттердің негізгі себептері мыналар болып табылады: от жаққанда сақтық жасамау, өрт қауіпсіздігі ережелерін білмеу және қадағаламау, тұрмыстағы электрлік және бөлмені жылытатын приборлары дұрыс пайдаланбау, балалардың отпен ойнауы, балалардың үлкендердің қарауынсыз қалуы.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын орындамау қайғылы оқиғаларға - өртке, газбалондардың жарылуына және басқа да төтенше жағдайларға әкеп соғады, оның салдарынан адамдар қаза болып жатады. Адам өлімінің негізгі себептері: жанғыш заттардың тұтануы, газдан улану, жоғарғы температура (әр түрлі деңгейдегі күйікке шалдығулар) болып табылады.

Тұрғын үй секторында азаматтармен өртке жол бермеу үшін келесі қарапайым ережелерді сақтаған жөн:

- тек қана отқа төзімділігі күшті кірпіші бар пешті жағу керек, пеш алдындағы еденге темір қағылуы тиіс;
- жағып жылыту кезеңінде мұржаның күлін тазарту, әрбір 3 ай сайын тексеріп отыру керек;
- шатырдағы барлық түтін жолдары мен трубаны тексеріп отыру қажет, бұл жұмыс мұржа жарықтарын, өрт алуын жедел табуға көмектеседі;
- жағып жылыту пештері мен мұржаларды бақылап, қажеттілік туғанда жөндеу жүргізген абзал;
- пешті лапылдап жанатын сұйықтармен тұтатудан аулақ болған жөн (бензинмен, керосинмен);
- пешті қараусыз қалдырып, оны қадағалауды жас балаларға тапсырған дұрыс емес.

Егер үйіңізде электр арқылы бөлмені жылытатын құралды пайдалансаңыз, онда оны орнату мен пайдалану ережелерін білгеніңіз жөн:

- электр арқылы бөлмені жылытатын құралдың корпусы ақаусыз және қыздыру элементінің қоршалған конструкциясымен болуы тиіс;
- үйді жылытатын құралдардың ток көзін көп айналдыратынын, және үйдің электр желісіне күш түсіретінін есте сақтаған жөн. Изоляцияның жанған иісінің пайда болуы, электр сымдары мен розеткаларының қатты қызуы, электр шотындағы сақтандырғыштың жиі-жиі сөніп қалуы немесе күйіп кетуі – үйдегі электр желісіне ауыртпалықтың көп түскендігінің бірінші сипаты және бөлмені электрмен жылыту құбырын пайдалану өте қауіпті болады;
- бөлмені электрмен жылыту құбыры құлап қалатын жерде болмауы керек және шығарған зауыттың талаптарына сәйкес болуы тиіс;
